

3 Сәуір
Сәрсенбі,
2024 жыл

uil-gazet@mail.ru

ОЙЫЛ

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ОЙЫЛДЫҢ БИІГІН АЛАСАРТПАҒАН АЗАМАТТАРДЫ

ОБЛЫС ӘКІМІ СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕН ОЙЫЛДЫҚТАРМЕН КЕЗДЕСТІ

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ АСХАТ ШАХАРОВ АЛДЫМЕН ОЙЫЛ АУДАНЫНДАҒЫ ТАБИҒИ АПАТ АУҚЫМЫН ӨУЕДЕН ҚАРАП ШЫҚТЫ. АЙМАҚТА БҮГІНДЕ 318 ҮЙДІ СУ БАСҚАН. ЕҢ КӨБІ – ҚАРАТАЛ, ЕКПЕТАЛ ЖӘНЕ АҚ-КЕМЕР АУЫЛДАРЫНДА.



Ауданда биылғы жылдың 29 наурызынан бастап көктемгі су тасқынына байланысты төтенше жағдай жарияланды. Қазіргі уақытта су басқан және су басу қаупі бар 9 ауылдан 1200-ден астам тұрғын көшірілген. Алайда, оның 255-і ғана Ойылдағы спорт мектебі, аграрлық колледж және Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназияда ұйымдастырылған эвакуациялық орталыққа орналастырылған. Қажеттінің бәрі бар, гуманитарлық көмек те дер кезінде

жеткізіліп отыр. «Шәрбану Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназия жанындағы интернат №3 эвакуациялық пункт болып бекітілді. Мұнда Екпетап және Жаңабаз ауылдарының 65 тұрғыны орналастырылды. Әйелдер саны – 17, қалғаны – балалар. Жағдайлары – қалыпты. Ерікті жандар көмектерін беруде», – деді гимназия директоры Шынар Бисенова. Өңір басшысы азаматтарға жасалған жағдаймен танысып, су тасқынының салдарын

жою бойынша қолға алынатын шараларды түсіндіру мақсатында пункттерге барды. Тұрғындармен кездесіп, олардың өтініштерін тыңдады. Ойылдықтарды тұрғын үй мен төрт түлік малдың жайы мазалайды. Асхат Шахаров қызыл судан келген шығынды қалпына келтіреміз деп халықтың көңілін жұбатты. «Су басты дегенде біз алдымен барлық күшті адам шығынын болдырмау үшін жұмылдырдық. Оңай болған жоқ. Ойыл ауданы үшін қатты

уайымдағанымыз рас, өйткені тұрғындарды көшіру үшін тікұшақ керек болды. Сіздерді көргеніме қуаныштымын. Ең бастысы – бас аман. Баспа да тұрғызылады, шығын өтеледі», – деп атап өтті өңір басшысы. Еске салайық, аймақта материалдық залалды есептеу және өтеу бойынша комиссия жұмысын бастады. Барлық зақымданған баспананың, суға кеткен малдың құжаты болуы тиіс. t.me/aqtobe_oblysy_akimdigi



Асан Қайғы бабамыз «Ойыл көздің жасы еді...» деп күңірленген-ді. Жазда сол «көздің жасындай» жылғаны құалаған Ойылдың арыны биыл көктемде мүлдем бөлек болды. Әрине, қыс бойы еріп-қатқан қар мен жаңбырдың суы мұз болып қатып, сай-салаға толып тұрғаны да рас. Сондықтан, екі күнде еріген қар тоқтамай өзеннің арнасына құйылды... Өншейінде, Саралжыннан өткен су Ойылдың тұсына дейін кемі үш-төрт күн жүретін еді. Бұл жолы бір күнде келді. Жолындағының бәрін жайпап келе жатқан Ойыл алдымен Саралжын ауылының шетіне кірді. Ескертілсе де, өзен жағалай отырған шаруалардың көшіп үлгермегендерінің көп шығынға ұшырағандары да жасырын емес. Екпетап мен Жаңабаздан балалар мен әйел адамдар көшіріліп, ер азаматтар қалғанымен дүлей тасқынға тосқауыл бола алмады. Ертесіне Қаратал ауылы да толық су астында қалды. Тұрғындары екі күн бойы тікұшақпен Ойылға көшірілді. Осындай сәтте жүрегі ел деп соққан жырақтағы жерлестер алғашқы болып қолұшын ұсынды.

Алматыдағы Жәрдем Ақбисенов бастаған ойылдықтар жерлестеріне тұрмысқа күнделікті қажетті заттар жөнелтті. Ақтөбеден келген келген көмекте есеп жоқ. «Көп түкірсе, көл» - дегендей, көңілден су ішкен көңіл - жайы мен малы суға кеткендердің салын суға кетірмеді. Ал, айырып айтатыны жоқ ауданның белсенді жастары бес күннен бері бел шешпей, Ақтөбеден келген азық-түлік, киім-кешек сияқты көмекті судан қайықпен өткізіп, жеткізіп жатыр. «Жігіттің де, жігіті бар. Азаматы бір басқа» - деген осы. Ойылдағы эвакуациялық орталыққа орналасқан отбасыларды қамқорлығына алған ағайындарын айтпағанда, ойылдықтар да аз емес. Махамбетше айтсақ, «Арғымақ, сені сақтадым, Құлағың сенің серек деп. Азамат, сені сақтадым, Бір күніме керек деп!» Міне, Ойылдың биігін аласартпаған азаматтары!

Ал, түркістандық Жандос Жаңабаев Ойылдағы жағдайды естіп, ерікті түрде өзінің қайығын әкеліп, екі күн көмек берді.

КӨМЕК ҚАЛАЙ БЕРІЛЕДІ?



Үкіметте Су тасқынына қарсы іс-шараларды үйлестіру және су тасқыны кезеңінің зардаптарын жою жөніндегі республикалық штабтың отырысы өтті. Онда су тасқынынан зардап шеккендерге келтірілген шығынды өтеу тетіктері мен қаржыландыру көздері талқыланды. Штаб жұмысы аясында Премьер-Министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардан зардап шеккендерге келтірілген зиянды өтеуге қаражат жергілікті атқарушы органдар резервінде көзделгенін баяндады. Залалдың алдын ала мөлшерін ЖАО, Өнеркәсіп және құрылыс, сондай-ақ Төтенше жағдайлар

министрліктері айқындайтын болады. Қосымша қажеттілік туындаған жағдайда қаржыландыру Үкіметтің резервінен қарастырылады. Іс-әрекет алгоритміне сәйкес материалдық зардап шеккендер ТЖ туындаған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде ЖАО-ға материалдық залалды өтеу туралы өтініш береді; ЖАО өтініш тіркелген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде келтірілген залалдың мөлшерін бағалауды ұйымдастырады; Тұрғын үйі қауіпті деп танылған зардап шеккен азаматтардың тізімін жергілікті әкімдіктер қалыптастыратын болады.

МЕН ЕШҚАЙДА КЕТПЕЙМІН, КӨШПЕЙМІН!

ТҮНІМЕН ҰЙЫҚТАЙ АЛМАДЫМ «ЕНДІ БЕРСЕЕВ ДЕГЕН АУЫЛ ЖОҚ!» - ДЕГЕН СӨЗ ҚАЙТА-ҚАЙТА КЕЛЕДІ ҚҰЛАҒЫМА. ШЫНЫМЕН ДЕ СОЛАЙ МА?! МЕНІҢ ӨКЕ-ШЕШЕМ ӨСКЕН ЖЕР, ӨЗІМ ТУҒАН ЖЕР, БАЛАЛАРЫМ ДА ОСЫ ЖЕРДЕ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ.



Құстар да туған жерге қайта оралмай ма?! «Құстар, құстар сызылтып ән салады, Туған жерім қимай кетіп барамын», - деп ән салмап па едік. Мен құлаған үйімді 1993 жылы тасқыннан кейін өз күшіммен салып алдым. Әрине, совхоз (кеңшар) көмек берді. Алайда, әр тасына маңдай терім сіңді, тамды. Маған ыстық ұя. Тасқынның келуіне өзіміз де себепкерміз. Байып кеттік, құдайымызды, әулиемізді, ата-анамызды ұмыттық. Тәу-маттардың тізімін жергілікті әкімдіктер қалыптастыратын жол бердік. Садақа, көмек, мейірімнен айырылып бара-

мыз. Су тасқыны келмей-ақ, 28 наурызда Ойылдың таксистері жол ақысы 200 теңгеге бірақ көтерсе, ауылдың бір саудагері Ойылдан майшамды 150-ден алып, ауылға 500 теңгеден сатыпты. Бұндай асып-тасқаншылық көбейіп кетті. Енді не істеу керек? Жоғарыдан бірнеше жерде су бөгейтін тоған салу керек. Тоған салу- завод салу емес. Тоған салу өте қиын ба? Соған да шамамыз жетпей ме? Мен алдын-ала «Мұзды жару керек!» - деп байбалам салдым. 1993-те де суды мұз, сең бөгеді. Осы мұзды да жара алмаймыз ба? Неге қауқарсызбыз, салғырттықты қоялық! Келіп жатқан көмекте шек жоқ, елге алғысымыз шексіз. Күн жылынып келеді, тамақ та табылады, кішкене ашыққан да тұрыс. Тамақ тағы басқа келген киімдерді үлестірмей, талан-таражға салмай, жинай тұру керек. Алда да керек болады. Ақшалай көмекке жинай берген жөн. Мен ауылдастарымды ауызбіршілікке, ынтымаққа шақырамын. Саламат ШАҢҒАЛА, Қаратал ауылы.



P.S. Кеше Жандосты ойылдық белсенділер ауданның атынан алғыс айтып, ауылына шығарып салды. Сәрікбай ҚОЙБАҒАРОВ, Ойыл селосы.

2024 Жылғы 31 наурызда өткен Ойыл аудандық мәслихатының шығып қалған депутаттарының орнына сайлау қорытындылары туралы хабарлама

2024 жылғы 31 наурызда №8 және №11 бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланған Ойыл аудандық мәслихатының шығып қалған депутаттарының орнына сайлау өтті. Сайлаушылар тізіміне 1775 азамат енгізілді. Дауыс беруге - 996 сайлаушы, оның ішінде есептен шығару куәліктері бойынша - 0, дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс – 11 қатысты. Кандидаттардың жалпы саны - 6.

Бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Ойыл аудандық мәслихаты депутаттары сайлауының мынадай қорытындылары белгіленді:

№8 сайлау округі бойынша

Керей Раушан Мусабековна үшін сайлаушылардың 166 дауысы берілді, Саматұлы Сайран үшін сайлаушылардың 336 дауысы берілді. Сұлтанов Асылбай Айсұлы үшін сайлаушылардың 92 дауысы берілді.

«Барлығына қарсы» белгісі бар бюллетеньдер саны - 15;

№11 сайлау округі бойынша

Абитова Гүлмира Айнағұлқызы үшін сайлаушылардың 64 дауысы берілді, Дарибаев Урумбасар Аскарлович үшін сайлаушылардың 81 дауысы берілді.

Оралов Айболат Жаумитович үшін сайлаушылардың 198 дауысы берілді.

«Барлығына қарсы» белгісі бар бюллетеньдер саны - 28; Сайлау қорытындысымен бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша Ойыл аудандық мәслихаттың депутаты болып:

№8 сайлау округі бойынша 1993 жылы туған, Ойыл аудандық ветеринариялық стансасының ветеринариялық санитары, Ойыл ауданы, Сарбие ауылында тұратын Саматұлы Сайран сайланды.

№11 сайлау округі бойынша 1973 жылы туған, Ойыл аудандық ветеринариялық стансасының ветеринариялық санитары, Ойыл ауданы, Ақжар ауылында тұратын Оралов Айболат Жаумитович сайланды.

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы**Ойыл аудандық мәслихатының сайланған депутаттарын тіркеу туралы ХАБАРЛАМА**

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңның 112-бабының 1-тармағына сәйкес сайлау қорытындысымен бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша шығып қалғандардың орнына Ойыл аудандық мәслихатының депутаттары ретінде:

1) №8 сайлау округі бойынша Саматұлы Сайран, 1993 жылы туған,

Ойыл аудандық ветеринариялық стансасының ветеринариялық санитары, Ойыл ауданы, Сарбие ауылында тұратын;

2) №11 сайлау округі бойынша Оралов Айболат Жаумитович, 1973 жылы туған, Ойыл аудандық ветеринариялық стансасының ветеринариялық санитары, Ойыл ауданы, Ақжар ауылында тұратын тіркелді.

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы**СУ ТАСҚЫНЫ КЕЗІНДЕ ИНФЕКЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПАРАЗИТАРЛЫҚ АУРУЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ**

СУ ТАСҚЫНЫ ҮЙЛЕРДІ, ШАРУАШЫЛЫҚ ФЕРМАЛАРДЫ СУ БАСУЫ МЕН МҮЛІКТЕРДІҢ ЖАРАМСЫЗ БОЛУЫМЕН ҒАНА ҚАУІПТІ ЕМЕС, СОНЫМЕН ҚАТАР ДИЗЕНТЕРИЯ, ІШ ТИФИ, А ЖӘНЕ В ПАРАТИФИ, ТЫРЫСҚАҚ, РОТАВИРУСТЫ ИНФЕКЦИЯЛАР СИЯҚТЫ ІШЕК ИНФЕКЦИЯЛАРЫНЫҢ ҚОЛАЙСЫЗ ЭПИДЕМИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ӨРШҮІНЕ ДЕ ӨКЕЛІП СОҚТЫРАДЫ.



Су тасқыны кезінде құдықтар мен ұңғымалардағы сулар дәретханалар мен қазылған шұңқырлардағы тастандылармен ластаныады. Көптеген ауруларды тасымалдайтын кеміргештер су тасқынынан сақтану мақсатында тұрғын үйлер мен ғимараттарға енуінен адамдардың инфекциялық және паразитарлық ауруларды жұқтыру қауіпі ұлғаяды.

Су тасқыны кезінде инфекциялық және паразитарлық аурулардан сақтану үшін қарапайым, ерітінді қағидаларды ұстану керек, олар:

- аула мен тұрғын бөлмелерді тазалықта ұстау;
- ауыз суына тек қайнатылған немесе бөтелденген суды пайдалану;
- қазылған шұңқырлардағы тастандыларды уақытылы тазарту;
- жеке бас гигиенасын сақтау, әсіресе кішкентай балалардың күтімінде (дәретханадан кейін, жануарлармен қатынаста болғаннан соң, тағам дайындар алдында және қабылдар кезде қолды сабынмен жақсылап жуу);

Ойыл аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

- жеміс –жидек, көкөністерді ағынды сумен жуу;
- ет және тез бұзылатын тағамдарды салқын жерде сақтау, сақтау мерзіміне аса көңіл бөлу, жақсылап қайнатып немесе қуыру;
- су тасқынымен ластанған тағам өнімдерін пайдаланбау;
- шаруашылық фермаларды тазалау кезінде қорғағыш қолғап қолдану, жұмыс істеу барысында темекі тартпау, тамақ ішпеу керек, өйткені лас қолмен инфекция ағзаға түсуі мүмкін.

Жіті инфекциялық аурулардың белгілері туындаған жағдайда (дене қызуының көтерілуі, құсық пен сұйық нәжіс және т.б. болғанда) тез арада медициналық көмекке жүгініңіз. Төтенше жағдайлар орын алған кезде күнделікті уақытта қарапайым гигиеналық қағидаларды, сонымен қатар біздің ұсынысымызды орындасаңыз Сізді көптеген аурулардан сақтайтынын естен шығармаңыз! Ішек инфекциясының белгілері болған жағдайда өз-өзіңізді емдеумен айналыспаңыз, тез арада медициналық көмекке жүгініңіз.

ӘКІМ САЙЛАУЫ-2024**ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

2024 жылғы 3 сәуір № 10 Ойыл ауылы

Ойыл ауданының Сарбие, Қараой, Қайыңды ауылдық округтері әкімдерінің сайлауын тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 113-1 бабының 1-тармағы, 1 және 3 тармақшасына сәйкес Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Ойыл ауданының Сарбие, Қараой, Қайыңды ауылдық округтері әкімдерінің сайлауы 2024 жылғы 12 мамырға тағайындалсын;
- Ауылдық округтердің әкімдігіне кандидаттарды ұсыну 2024 жылдың 3 сәуірінен басталып және ұсыну мерзімінің аяқталуы 2024 жылғы 16 сәуірде сағат он сегізге дейін болып белгіленсін.
- Ауылдық округтің әкіміне кандидаттарды тіркеу мерзімінің аяқталуы 2024 жылғы 21 сәуірде сағат он сегізге дейін болып белгіленсін.
- Осы қаулы аумақтық сайлау комиссиясының интернет-бетінде және аудандық «Ойыл» газетінде жариялансын.

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы **Б.Т.Бисекенов**

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы **Н.Б.Кенжебеков Б.Бақтыгереев**

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

2024 жылғы 3 сәуір № 11 Ойыл ауылы

Ойыл ауданының Сарбие, Қараой, Қайыңды ауылдық округтері әкімдерін сайлау жөнінде сайлау округтерін құру туралы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының 6) тармақшасына, 21 бабының 4) тармағына және 22 бабына сәйкес Ойыл аудандық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ойыл ауданының Сарбие, Қараой, Қайыңды ауылдық округтері әкімдерін сайлау жөнінде мынадай сайлау округтері құрылсын:

- Сарбие ауылдық округінің шекараларында - Сарбие сайлау округі;
 - Қараой ауылдық округінің шекараларында - Қараой сайлау округі;
 - Қайыңды ауылдық округінің шекараларында - Қайыңды сайлау округі;
2. Сайлау округтерінің тізімі, олардың шекаралары және аумақтық сайлау комиссиясының орналасқан жері көрсетіле отырып, Ойыл аумақтық сайлау комиссиясының интернет-бетінде және аудандық «Ойыл» газетінде жариялансын.

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы: **Б.Т.Бисекенов**

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы: **Н.Б.Кенжебеков**

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Көкжар көшесі № 69 үй, 315 бөлме тел. 8 (71332) 2-16-10

Бисекенов Берік Төлеуұлы төраға
Бақтыгереев Сәбит Бақытұлы төрағаның орынбасары
Кенжебеков Нұрсұлтан Бисембайұлы хатшы

Комиссия мүшелері:

Қартбаев Серік Сағынұлы
Маханова Самал Асқарқызы
Назаров Әлішер Жүсіпқалиұлы
Сәттібаев Қонақбай Кәрімоллаұлы

ОЙЫЛ АУДАНЫ САРБИЕ, ҚАРАОЙ, ҚАЙЫҢДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІНДЕГІ УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМДАРЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ**№ 404 учаскелік сайлау комиссиясы**

Сарбие ауылы, Жастар көшесі 13, Сапақкөл ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 35-2-50
Дәуленова Гүлбарам Аманжолқызы - төраға
Қабжанов Дәуренбек Қонақбайұлы - төрағаның орынбасары
Сапарова Ұлпан Сапарқызы - хатшы

Комиссия мүшелері

Сисенова Алия Аяғанқызы
Қамиева Ақмарал Өтегенқызы

№ 405 учаскелік сайлау комиссиясы

Қаракөл ауылы, Абай көшесі 10, «Қаракөл бастауыш мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-7-16
Нұржанова Құндызай Құмарқызы - төраға
Динуллин Еділ Аралбайұлы - төрағаның орынбасары
Батырханқызы Анар - хатшы

Комиссия мүшелері

Бюрина Ақсұлу Хайроллақызы
Түймешова Эльмира Мухамбетқызы

№ 406 учаскелік сайлау комиссиясы

Қараой ауылы, Еңбеккерлер көшесі 2, Қараой ауылдық клубы

ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-7-31

Ысмағұлов Амангелді Сапартілеуұлы - төраға
Базанов Ізмұхан Наурызбайұлы - төрағаның орынбасары
Қалиева Перизат Жалғасбайқызы - хатшы

Комиссия мүшелері

Болатова Данагүл Қамбарқызы
Хамзин Нұрғали Көркембайұлы

№ 407 учаскелік сайлау комиссиясы

Құбасай ауылы, Қызылқорған көшесі 7, «Құбасай бастауыш мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-7-37
Әміржанов Құрбанбай Жолмырзаұлы - төраға
Есқайыров Әзілхан Жолдығалиұлы - төрағаның орынбасары
Тілекбаева Заманай Халелқызы - хатшы

Комиссия мүшелері

Бисенқұлова Айсәуле Сатыбалдықызы
Құбашева Гүлденай Бекболатқызы

№ 412 учаскелік сайлау комиссиясы

Ақжар ауылы, Мектеп көшесі 4, Ақжар ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-8-14
Ақбисенова Алтынзер Забихоллақызы - төраға
Мұханбетов Серік Қойшыбекұлы - төрағаның орынбасары
Тілектесова Аягөз Өсетқызы - хатшы

Комиссия мүшелері

Жаманқұлов Бактығали Айтқалиұлы
Қазиева Назгүл Тұрғалиқызы

№ 413 учаскелік сайлау комиссиясы

Көсембай ауылы, Орталық көшесі 10, Көсембай ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-1-42
Қалиева Бұлбұл Сенбайқызы - төраға
Батырғалиев Нұрлыбек Еңсегенұлы - төрағаның орынбасары
Шүтенова Лунара Маратқызы - хатшы

Комиссия мүшелері

Имағанбетова Қалия Қанатбайқызы
Сатыбалдин Бақытжан Мырзалыұлы

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы: **Б.Т.Бисекенов**

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы: **Н.Б.Кенжебеков**

*Ойыл ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 22 желтоқсандағы №2 шешіміне қосымша
Ойыл ауданы әкімінің 2021 жылғы 28 маусымдағы №1 шешіміне қосымша*

ОЙЫЛ АУДАНЫ САРБИЕ, ҚАРАОЙ, ҚАЙЫҢДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІНДЕГІ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ**№ 404 сайлау учаскесі**

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Сарбие ауылдық округі Сарбие ауылы Жастар көшесі 13, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Сапақкөл ауылдық клубының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Сарбие ауылы: Бейбітшілік, Жекенді, Астана, Ақтөбе, Құрманғазы, Махамбет, Жастар, Өйтөке би, Ө.Молдағұлова, Желтоқсан, Жөңіс, Исатай көшелері.

№ 405 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Сарбие ауылдық округі Қаракөл ауылы Абай көшесі 10, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қаракөл бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Қаракөл ауылы: Абай көшесі.

№ 406 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Қараой ауылдық округі Қараой ауылы Еңбеккерлер көшесі 2, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Қараой ауылдық клубы.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Қараой ауылы: Төуелсіздік, Жетікөл, Еңбеккерлер, Қазақстан-2030, Ынтымақ, Алашорда, Бауыржан Момышұлы, Өркениет, Жасқайрат, Желтоқсан көшелері.

№ 407 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Сарбие ауылдық округі Құбасай ауылы Қызылқорған көшесі 7, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Құбасай бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Құбасай ауылы: Қызылқорған, Бейбітшілік көшелері.

№ 412 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Қайыңды ауылдық округі Ақжар ауылы Мектеп көшесі 4, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Ақжар ауылдық клубының ғимараты.

Сайлау учаскесінің шекаралары: Ақжар ауылы: А.Иманов, Ш.Берсиев, Көңес, Қайыңды, Мектеп, Жастар көшелері.

№ 413 сайлау учаскесі

Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Қайыңды ауылдық округі Көсембай ауылы Орталық көшесі 10, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Көсембай ауылдық клубының ғимараты.

**Сайлау учаскесінің шекаралары: Көсембай ауылы: Ынтымақ, Орталық, Бұлақ көшелері.
Ойыл ауданының әкімі А.Қ.Қазыбаев**

ЕСЕУ ЖЕҢІСУЛЫ

МЫНАУ ФАЗИЗ ДҮНИЕ

Әңгірте

Болашағым қалай болар екен? Университетке түсе алар ма екенмін? Биылдан бастап тест деген жаңалық шықты, неше балл жинай аламын? Шынымды айтсам, осы ойымнан өзім қатты қорқамын. Алдымдағы бір өпкем, екі ағам жоғары оқу орнына түсе алған жоқ, мен қайтемін? Егер университетке, онда да ҚазМУ-дың журналистика факультетіне түсе алмасам, «спорт журналист болсам» деген арманымның күлі көкке ұшады ғой...

Шіркі-и, университетке түсіп кетсем ғой... Оқығаным көкесін көрсетер едім. Бірақ ҚазМУ-да оқыған қиын шығар, а... Біздің ауылдан онда Қымбат пен Айнур ғана оқиды. Солар қысқы каникулға келгенде сұрап көрмесем...

Таңертең ауылдан шыққанымда, әрбір үйдің үлкені өз қойларын қатты табыстаған. «Тынысбек, өнебір тоқтым ілесе алмай қалуы мүмкін, қарайлай жүрші», «мына көрі қойды бүгін-ертең сомыз, өрісте қалып қоймасыншы», «шидің түбіне жатып қалатындары да болады, абайлап» деген өтініш-ақылдарды қалққан құлағыма құйып алып-ақ шыққанмын.

Иә, ауылдағылардың табыстайтын да жөні бар. Біздің колхоз Қазақстанда ең бірінші болып тарайды. Бұрын байлығы асыл-тасып жататын шаруашылық айналасы екі айдың ішінде жоқ болды. Колхоз мүшелеріне еңбегіне қарай ұлес малмен берілді. Аз күнде бұрын қорасынан қой маңырамайтын үйлер кем дегенде қырық-елу ұсаққа, екі-үш ірі қара, бір-екі жылқыға ие болып шыға келді. Мүғалімдерге, кеңсе қызметкерлеріне ұлес ең соңынан тиді. Апама — он бес тоқты, бір бұзау, Білісбектің колхоздағы бір жылы үшін екі тоқты жазылты. Колхоз тарайтын болғаны, соңғы жылы қойшылар мүлде қызықпаған сияқты, бізге бұйырған тоқтарлық қозыдай-ақ. Жүндері қампайлап тұрғаны болмаса, бәрін түртсең құлап тұр. Өлсіз. Мен қайдан білейін, алғашқы күні он жеті тоқтыны отардан бөліп әкеліп, шөп қораға кіргізе салғанмын. «Аш немелер бір тойсын!» деп аяған түрім. Апам осы әрекетімді қатты сөкті. «Мал көрмеген байғұс қуалап жүріп өлтіреді» дегенің керін келтірді, жегені аш өзегіне түсіп, қырылады енді» деген күдігі ертеңіне-ақ расқа шықты. Таңертең тұрсақ, қорада үшеуі теңкііп өліп жатыр, екеуінің тұрғау әлі жоқ.

Иә, ұмытқан жоқпын, тоқсан үшінші жылдың қысында біздің ауыл қой қырудан рекорд жасады. Әрбір үйдің ауласында жоқ дегенде төрт-бес қой өлігін көретініңізге бәс тігейін. Біздің тоқтылардың үшеуі ғана мал қатарына қосылды. Көктемге қарай ауылдың әкімшілігі арнайы көлік бөліп, өліктердің бәрін ауыл сыртына апарып көмді. Тау болып үйіліп жатқан бақытсыз тоқтыларға қарау соншалықты жыркенішті еді. Ауыл адамдары да қызық қой, аман қалған малдың есін сәл кіргізіп алғасын, көр-жерге айырбастай бастады. Екі бөтелке таза араққа бір тоқты оп-оңай алмастырыла беретін. Қытайы бөтінкелердің сәл шыдамдысына да тоқты байқұс пұл есебінде еді. Жегіштер жеді, нақ алданған біздің ауылдың ақкөңіл тұрғындары болды.

Менің бағып жүргенім — сол колхоз тарау «қырғынынан» аман-қалғандар. Обалы не керек, ешбірі шашу шықпай, пырдай болып жатты да қойды. Айналайын Дегерес от қой, қардың астына тұмсығын тығып жіберген қойлар бас көтермей, аузын шөптен алмаған күйі барқырай маңырайды. Қасқа дөненнің тізгінін қоя беріп, шайымды асықпай ұрттап, мен де қиялға еркін берілдім. Кешкі төрттер шамасында отар басы ауылға бұрдым. Бестен өте-ақ қараңғылық тұмшалап алады, сондықтан бұдан кешіктіруге болмайды. Жолға түскен қой ауылды бетке алып, асықпай шұбырды. Артыма қарайлай-қарайлай ұзай бергенім сол еді, ши түбінде құнжындап көтеріле алмай жатқан тоқтыны көзім шалып қалды. Бағана Нұрқадір ата табыстаған тоқты ғой, көргенім қандай абырой болды! Таяп келіп, ат үстінен құлып алдым. Қасқа дөненнің жауырына ер батып кетті, сіре, қайқаң етіп барып түзелді. Тоқты қауырсындай жеңіл екен, алдыма еш қиналмастан өңгердім. Екі-үш көзеңнен асқанша тоқты жазған алдымда мүлгіп жатты да қойды.

Сосын сәл де болса ес жиып, құшағымнан босануға талпынды. Қоя бердім. Тыңайып қалыпты, отарға еріп кетті.

Ауылдың түтіні көрінетін кезеңге көтерілгенде, Қалиша апаның көрі қойы бір орында айналшықтап тұрып қалды. «Тентек болып қалғаннан сау ма?» деп әрі-бәрі қақпайлап көріп едім, алға басар емес. Басы сол жағына қарай тарта береді. Ат үстінен өңгермек болып едім, қайда-а, ауыр екен. Қасқа дөнен жауырын манағысынан да ауырсынып, қайқаңдай берді. Амаж жоқ, тынаоны күтім керек. Қой басы ұзап, ауылға баратын жолмен тура тартып барады. Қас қарайды. Көрі қой бір-екі аттаса-ақ әлсіреп қалады. Тастап кетуге болмайды, ертең ит-құсқа жем болса, Қалиша ападан ұят. Аттан түсіп алып, итеріп көрдім. Болмады. Қасқа дөненнің тізгінін шынтағыма қыстырып алып, қойға ілбіп ере бердім.

Түн әбден орнады. Айдың сәл жаңарып қалған шағы ғой деймін, өлімсіреген сәулесі айналанды ажыратуға жетеді. Қап, апам қорқып қалды-ау... Жайнағұлді үйге жалғыз тастай алмайды, қайтер екен? Алдыман бір-екі баланы жүгіртіп жіберсе жақсы болар еді. Көрі қойды атқа өңгерер едік те, ауылға қазір-ақ жетіп алар едік.

— Тыныстай, құлыным, қайдасың? — деген дауыс құлағыма талып жетті. Апатайым шыдай алмай, өзі шығып кеткен бе алдыман?

— Апа, қорықпаңыз, мұндамын, — дедім бұрыңша сабырлы дауыстап. Апам ұшып келеді екен. Ауылдан недеуір ұзақта табыстық. Үстіне іле салған өкпенің ескі пәлтесі алқам-салқам.

— Ой, апа, сонша жерден жүгіріп келгеніңіз не? Өзім-ақ барар едім ғой.

— Сорлы-ау, сорлы, сені қасқыр жеп кетті ме деп... Қой ауылға бағана келіп алды ғой...

— Сорлы емесің, апа, мына көрі қой жүре алмай қалды.

— Таста, таста, жаныңнан артық емес. Азар болса, бір қой төлерміз. Бекұлан мен Дарқан да келіп қалыпты. Қойды өңгеріп алып, ауылға тартып кеттік. Апамың қорқынышы сәл басылған сияқты. Бірақ «Жайнағұл үйде жалғыз қалды» деп алға түсіп, тағы да жүгіре жөнелді.

8

Он бірінші сыныпта республикалық олимпиададан үшінші орын алып қалдым. Бәрі өзімнен. «Шығарманы тек «беске» жазамын» деген сенімнің көкірегіме қайдан орнап алғанын түсінбедім, берілген төрт сағаттың екеуін қағаз шимайлап, ойын ойнап өткізгенім рас еді. Сосын бір сағатта жазып, бір сағатта таза қағазға көшірдім де... «төрт» алып қалдым. Көңіл-күйім бірден түсті. Өз ойымда өте жақсы жазған сияқты едім. Ауызша тұрда да сасқалақтап, біліп тұрған тақырыпты дұрыс айтпағандаймын. Бірінші орын алған бес баланың ішінде аты-жөнін аталмағасын, бүкіл арманымның быт-шыты шыққандай, үйге сүйлесіпап күйде оралдым. Бітті, университет көзден бұл-бұл ұшты деген осы шығар. «Пән олимпиадаларының жеңімпаздарын жоғары оқу орындарына емтихансыз қабылдайды екен» деген сыбыс құлағымызға жеткелі бірталай уақыт. Ал мен... мен қолда тұрған мүмкіндіктен айырылдым.

Апам сыртқа онша білдірмес де, менен кем қиналған жоқ. Көктем шыға, Алматыға тартып кетті. Өкпенің туған бөлесі ірі қызметте еді, сөйлесіп қайтпақ.

Апам Алматыдан оралғанда, мен қора тазартып жатқан едім. Қасымда Ернат бар. Олардың отбасы екі-үш жыл бұрын Талғар жаққа көшіп кеткен-ді, өзі ауылға қыдыра келіпті. Апамды алыстан көріп, алдынан жүгіре шықты. Анашымның көңілі көтеріңкі. Тө-е, мұнша көп сөмкені қалай көтеріп келген?! «Жолың болатын болды, балам» деді күлімсіреп. Қол-аяғым жерге тимей, лыпылдап кеттім. Апам киім ауыстырып шыққанша, қора жақты қылан жалағандай өтпекпін.

— Журфақ қой, апа? — дедім қасыма келгенде.

— «Технологиялық университетке түсуіңе көмектесемін» деді ағаң.

— А-а?!

— Жақсы мамандықтар көп дейді онда, «кез келгенін таңдасын» деп

отыр.

Күректі лақтырып жіберіп, еңіреп жылап, жерге отыра кеттім. Үмітім тағы желге ұшқаны ма? «Өзің-ақ оқы соған» деп мінгірлеймін ара-арасында. Ернат мені жұбатып әуре. «Апаңның қолынан келгені сол ғой, аясаңшы» дейді, оған ыңғай берер түрім жоқ, Апам болса: «Қайтемін, әнді, қайтемін? Бармасаң барма, еуылда қой бағасың», — деп шарасыз отыра кетті.

Мектепті үздік бітірдім. Мемлекеттік емтихандар тапсырып жатқан кезде директор Мұхамеджан аға менің жауаптарымды өзі тыңдап отырды. Орыс тілінен арманым жайлы сұраққа жауап бере келіп: «Я хочю поступить в большую университет», — деп салдым. Директор өзү тартты. Шығып бара жатып: «Поступи, поступи в большой университет», — деді өте байсалды.

Міне, мен де талапкермін. Ертең ауылдан Алматыға аттанамын. Ырысбек пен немере өпкем Жансаңның жыныма тигені-ай!.. Екеуі мені түнімен «оқытты».

— Алматыға барғанда, 65-автобуска мінесің. Райымбек даңғылымен басыққа жүріп, дәл сегіз аялдаманы санап отырып түсіп қаласың. Өй, «Балмұздақ», байқа, автобустың әрбір бағдарламға тоқтағанын аялдама деп қалма, — дей ме-ау...

— Біреуден бірдеңені сұраған да, ауылдағыдай даудырама. Бір жақты қолыңмен емес, иегіңмен немесе қабағыңмен ұрсақ, — дей ме-ау...

— Автобуска кіргенде, жолашуылар «передайте» деп ақша берсе, қалтаңа салып алып жүрме. Сен де «передайте» деп, алдындағы адамға беріп жібер. Алдындағы не артындағы адамды саусағыңмен түртпе, иығына жай ғана қолыңды ғой.

— Көшеде тұқ көрмегендей балмұздақ сораптама. Өйткені, өзің де «балмұздақсың», — дей ме-ау...

Мені апам қорғаштап шықты. «Сендер жүрген Алматыда бір кездері біз де жүргенбіз. Қысықбасым бәрінен озады, көріп тұрындаршы» деп қанаттандырып қойды.

Қалаға жалғыз аттандым. Бұған дейін ешқашан алысқа жалғыз шығып көрмеп едім, іштей жүрексініп тұрған да сияқтымын. Апам мені сапарға шығарып салардағы қашанғы әдетімен маңдайымнан сүйді де, Аллага аманаттап, тұрған орында қала берді. Апам мұндайда ешқашан сыртқа қоса шыққан емес.

Нән автобустың оң жағындағы тереңге телміріп отырмын. Жаңа өмір басталды, Тынысбек мырза! Ол қандай өмір болар екен? Алдыман не күтіп тұр? Оқуға түсе аламын ба? «Түсе алмасаң, тұк те ренжіме, балам. Бір жыл дайындалып, келер жылы қайта тапсырасың. Өмір ылғи жекістерден тұра бермейді» деген апамның сөзі құлағымда әлі жаңғырып тұр. «Түсемін, апа, түсемін!» деймін тістеніп.

Автобус Шелектің сыртындағы зираттар тұсынан өтіп бара жатқанда, қалың шидің арасынан қоян қашты. Қуанып кеттім. Жақсы ырымға баладым.

Міне, мынау мен армандаған Алматы! 65-автобуска міндім. Қапталындағы 1 деген нөмірге көзім түсті, оны да жақсылыққа жорыдым. Қолымдағы қағазға қайта-қайта қарағыштап жүріп, Әлия өпкемнің үйін де дәл таптым. Басы сәтті басталды, енді оқуға да түсіп кетсем екен. Әуелхан нағашым да қалада екен, мені дереу ҚазМУ-дың қабылдау комиссиясына апарды. Республикалық олимпиададан үшінші орын алған марапатыма қарап тұрып, комиссиядағы апа: «Қазір мен тізімнен қарап жіберейін, егер шынында да бұл баланың аты-жөні тіркеліп тұрған болса, университетке емтихансыз қабылдануы мүмкін», — дегені!.. «III орын. Т.Құрышбекулы — Алматы облысы» деген жазуды тізімнен апайдан бұрын тауып алдым, саусағыммен нұсқап та жібердім. «Құжаттарыңызды тапсыра беріңіздер, шешім бір апаның ішінде шығады» деді ол кісі. Құлағым шыңылдап кетті. Сыртқа шыққанда Әуелхан ағам құшағына қатты қысып алып: «Студент болды деген осы!» — деп құттықтап та жіберді.

Құжаттымыз тапсырылмай тұрып, Алатаудың бір қойнауында Әуел-

хан ағамның екі курстасымен — бұл күндері ғылым докторы атанған екі ағаймен бірге оқуға түскенімді атап өткен сәттерді қалай ұмытайын...

Шынында да, шешім тез дайын болды. Журналистика факультетінің деканы, орыс ағай мені аудиториялардың бірінде мәжіліс құрып отырған комиссияға кіргізді де жіберді. Өңшең қасқа маңдай ағалар мен көзілдірікті төтелер! Арасында мұртын сөңдел қойып, күннің ыстығында галстукке қылғынған жап-жас жігіттер де бар. Тұс-тұстан сұрақ қойып, менің газет-журналдарға шыққан мақала, өлеңдерімді аударыстырып, біраз састырды. Сосын шашын артқа көтере тараған бір ағай: «Тынысбек, мектепті де үздік бітіріпсің, республикалық олимпиаданың жеңімпазы да, жүлдегері де екенсің. Жариялаған мақалаларың да көңілімізден шықты. Қысқасы, сен барлық талапқа сай келіп тұрсың. Қабылдау комиссиясының шешімімен сен оқуға түсу емтиханынан босатылдың. Ауылыңа қайта бер. Өзіңді студентпін дей берсең де болады. Тамыз айының ортасында министрліктің бұйрығы шығады, оны факультет басшылығы саған хабарлайтын болады. Жолың болсын!» — деп шығарып салды. Мен студентпін! Ура! Мен ҚазМУ-дың студентімін! Апама қалай айтсам екен? Жүгіріп келемін. Жаңбыр құйып кетті. Жаздың ерке жаңбыры. Абай даңғылына түсіп, 19 троллейбуска малмандай су болып кірген маған жолашуылар аянышпен қарап еді. Оларды елеп тұрғаны жоқ, тұла бойымнан төлеп тұра қарамай, ыржиып күле бердім, күле бердім.

Апама аудандық оқу бөлімі телефоны шалып, сол күні-ақ құттықтап қойыпты!

Армысың, үлкен өмір! Армысың, Алматы! Менің мүлде жаңа өмірім басталды!

Эпилог

...Соңғы курстың соңғы сессиясы. Енді екі айдан кейін Тынысбектердің курсы университет бітірмек. Бүгін өр топ ездері бөлінген кафедра бойынша арнаулы курстан емтихан тапсырады. Тынысбек жүрексініп тұр. Профессор қайтер екен? Былайынша, барлық сұраққа жауабы дайын. Бірақ ұстазының мысы басып кете береді. Кафедрадағы алты студент қабақ түйіп, тас-түйін бекініп алыпты.

Профессор қашанғы әдетінше емтиханға бір минут кешікпей келді. Орындарынан қопарыла тұрып, құрмет көрсеткен студенттерді аз-кем шолып өтіп, папкісіндегі қағаздарын әдеттегідей оқу ақтарды. Өлденені есептеді, өлденені сызды. Артынаша-ақ:

— Құрышбекулы, орныңыздан тұрыңыз! — деді бұйыра шөйлеп. Апыр-ай, әлі ешкімге емтихан билетін алдырмай еді, не деме екен? — Құрышбекулы, сіз біздің арнаулы курс пәнінен ең жоғары 96 балдың 92-сін жиыпсыз. Кәсіпкердің толтырулы, тапсырмаларыңыздың бәрі орындалуы екен. Осы семестрде республикалық газеттерге үш мақалаңыз шығыпты. Демек, сіз біз қойған талаптардың бәрін де орындадыңыз. Өзіңіз айтыңызшы, сізге «бес» деген бағаны автоматты түрде қоюға бола ма, болмай ма? Тынысбектің аузына сөз түспей қалды. Сасып қалғанын сездірмеуге тырысып, ұстазының қабағын бақты. Өзілі емес сияқты. Өзінің тарғылдау күлкісімен қарқ-қарқ күліп отыр.

— Болады, ағай, неге болмасын?! — деді батылданып.

— Болса, әкеліңіз сынақ кітапшаңызды! Профессордың біреуге «автомат» қойғанын естіген де, көрген де емес. «Қартаң бастағаны шығар» деген бір ой мыын аралап өтті. Еңсесін тік ұстап, ұстазына кітапшасын тапсырды.

— Екінші курста біраз қиқандап, жүгің екі жағына кезек ауып еді, тез ес жидың, бала! Жаман маман болмауың керек енді. Ұқтың ба? — деді көзін ежірейте қадап.

— Ұқтым, аға! — Тынысбек терең тыныстады.

Ұстазының қойған «бесіне» аудитория сыртында қайта-қайта қарағыштап тұрып:

— Отан-Ана осы еңбегіңізді ескерді! — деді Тынысбек. Профессордың қатты сүйсінгенде айтатын сөзі ғой бұл...

ӨСІМДІКТЕРДІ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАР

Өсімдіктерді қорғау туралы Заң өсімдіктерді зиянкестерден, арамшөптерден және өсімдік ауруларынан қорғау саласындағы қызметтің құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық, технологиялық принциптерін айқындайды және егінді, оның сапасын сақтауға әрі Қазақстан Республикасының аумағында фитосанитарлық іс-шараларды жүзеге асыруда адамдардың денсаулығы мен қоршаған табиғи ортаға зиянды әсерін болдырмауға бағытталған.

Қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалар фитосанитариялық есепке алуды жүргізеді және уәкілетті органның ведомствосына фитосанитариялық есептілікті табыс етеді.

Қолайлы фитосанитариялық ахуалды қамтамасыз ету мақсатында қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалар өз аумақтарында фитосанитариялық мониторингті жүзеге асыруға және зиян тигізудің экономикалық шегінен көп зиянды және ерекше қауіпті зиянды организмдер анықталған жағдайда фитосанитариялық іс-шараларды жүргізуге міндетті.

МЕМЛЕКЕТТІК ФИТОСАНИТАРИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУҒА ЖАТАТЫН ОБЪЕКТІЛЕР:

- 1) зиянды және ерекше қауіпті зиянды организмдердің тіршілік ететін орындары болып табылатын ауыл шаруашылығына арналған объектілер, автомобиль жолдарының, темір жолдардың бөлігін белдеулері мен күзет аймақтары және өзге де аумақтар;
- 2) зиянды және ерекше қауіпті зиянды организмдер;
- 3) пестицидтер, фитосанитариялық іс-шараларды жүргізу үшін пайдаланылатын арнайы техника;
- 4) арнаулы сақтау орындары (көміңділер) болып табылады.

ПЕСТИЦИДТЕРДІ ҚОЛДАНУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

1. Пестицидтерді қолдану Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген пестицидтер тізімінде белгіленген тиімді және қауіпсіз қолдану технологияларын сақтай отырып жүзеге асырылады.
2. Пестицидтерді техникалық регламенттердің талаптарын бұза отырып қолдануға тыйым салынады.
3. Пайдаланылмаған пестицидтерді уақытша сақтауға арнайы арналған орындардан басқа жұмыс орындарында қалдыруға тыйым салынады.

ПЕСТИЦИДТЕРДІ САҚТАУ, ӨТКІЗУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ

1. Пестицидтерді сақтау, өткізу және қолдану пестицидтердің адам денсаулығына және қоршаған ортаға зиянды әсерінің болмауын қамтамасыз ететін жағдайларда жүзеге асырылуға тиіс.
2. Пестицидтерді сақтау, өткізу және қолдану шарттарына қойылатын міндетті талаптар пестицидтер айналымы саласындағы техникалық регламенттерде белгіленеді.

ПЕСТИЦИДТЕРДІ ЗИЯНСЫЗДАНДЫРУ

1. Тыйым салынған, жарамсыз бо-

лып қалған пестицидтер, олардың ыдыстары, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстары пестицидтерді залалсыздандыру тәртібіне сәйкес залалсыздандыруға жатады.

2. Пестицидтерді зиянсыздандыру үшін арнаулы сақтау орындары (көміңділер) пайдаланылады.
3. Арнаулы сақтау орындарын (көміңділерді) салуға, сондай-ақ пестицидтерді залалсыздандыруға рұқсатты қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган береді.
4. Өңірлерде арнаулы сақтау орындарын (көміңділерді) орналастырудың орындылығын және олардың санын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісу бойынша айқындайды.

Қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалардың міндеттері

ҚЫЗМЕТІ МЕМЛЕКЕТТІК ФИТОСАНИТАРИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ОБЪЕКТІЛЕРІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР:

- 1) фитосанитариялық мониторинг пен фитосанитариялық іс-шараларды жүргізуге және саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдердің дамуы мен таралуына жол бермеуге;
- 2) пестицидтер айналымы саласындағы техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарын сақтауға;
- 3) фитосанитариялық есепке алуды жүргізуге және уәкілетті органның ведомствосына есептілікті табыс етуге;
- 4) пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдікті және өндірістік) сынақтарынан өткізу және мемлекеттік тіркеу қағидаларына сәйкес пестицидтерді тіркеу сынақтарынан өткізуге;
- 5) пестицидтерді залалсыздандыру және арнаулы сақтау орындарын (көміңділерді) тиісті жағдайда ұстауға;
- 6) қызметтің лицензияланатын түрлеріне қойылатын талаптарды сақтауға;
- 7) Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасына сәйкес өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың ұйғарымдарын орындауға;
- 7-1) өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілеріне қолжетімділігін қамтамасыз етуге;
- 8) өсімдіктерді қорғау жөніндегі инспекторларға олардың Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасын орындауына жәрдемдесуге міндетті.

Қазақстан Республикасының өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Б.ТОЛЕПОВА,
ҚР АШМ АӘК МИК Ойыл аудандық аумақтық инспекциясының өсімдіктер қорғау және карантин жөніндегі мемлекеттік инспектор.

ЕСКЕ АЛУ

Ойыл селосы,
Базарова Толқын Сисенбайқызы
(08.04.1969 ж - 17.09.2017 ж)

Қамшының сабындай қайран тірлік бір күні шарт сынары әмбеге аян. Өмірдің өзі күшті болғанымен, өтетіні өкінішті. «Тумақ бар жерде, өлмек те бар» дейді шарифат сөзі. Шіркін, бәрі орынымен келсе- өкініштің өзені тасып, қайғының қара жаңбыры жаумас еді.

Кеше ғана жарқылдап жүрген Толқын досымыздан қапыда айырылды. Бір қанатымыз қайырылды. Өлім түгілі өкпеге қимайтын досымыз жайлы естелік айтамыз деп кім ойлаған? Оның ғұмырдариясы- мәңгілік ағысқа ауысты.

Қара жердің бетіндегі пөнибаяны 48 жасқа келгенде аяқталды. Тірі болса, Толқын досым 55 жасқа толар еді...

Өттең...
Ажал сұм елді талғамай,
Тура сені алған- ай.
Жылда келер туған күн,
Аталмай қалды жалған- ай.
Қайтейін сабыр етемін,
Нұрлансын қабір- мекенің
Біліңді- ау,бізге біліңді- ау,
Қадірлі сондай екенің!!!

Сағынышпен еске алушылар: Досы Мәрал және 1986 жылы бітірген Н. К. Крупская атындағы орта мектептің 10 В класс тұлктері.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1409 дана. Тапсырыс 425
Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің
баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400
телефонына хабарласуға болады.



Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірмен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

(Соңы)

Газет Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және Даму
министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру
және Ақпарат Комитетінде
2016 жылдың 21 қаңтарында
тіркеліп,
№15790-Г куәлігі берілген.

ДЕНІМ САУ БОЛСЫН, ДЕСЕҢІЗ... БАСТАУЫШТАН БЕРЕТІН АҒАЙ



Адам денсаулығын статисти-калық деректерге сүйене отырып зерттеген дүние жүзілік ғалымдар мынадай ортақ пікірге келеді.

Денсаулықтың ең үлкен 50 пайызы - адамның өмір сүру салтына, 20 пайызы - тұқым қуалаушыққа, 20 пайызы - сыртқы ортаға және 10 пайызы ғана медицинаға байланысты екен.

Денсаулығымыздың тең жартысын құрап тұрған өмір сүру салтына келсек, ол ең үлкен және күрделі ұғым.

Өмір сүру салты адам жаралған сәттен басталып соңына дейін жалғасады. Туа сала басталады дейтіміз алғашқы кездегі баланың денсаулығы ана сүтіне тікелей байланысты. Нәрестені туа сала анасының кеудесіне бермесе, ол қажетті уызға жарымай қалады.

Ал, ана сүтінің уызында балаға қажетті қоректік заттармен қатар, түрлі жұқпалы ауруларға қарсы күресетін антиденелер де бар.

Ғалымдар ана сүтін қанша зерттегенімен, ана сүтінің стерильділігі мен қарына дәл жағымды жылылығын айтпағанда, оны нақты алмастыратын табиғи немесе жасанды сүт құрамын таба алмай отыр. Сондықтан, баланы кем дегенде бір жасқа толғанша ана сүтінен айырмаған дұрыс. Жас нәрестені күтуде күн сәулесі мен таза ауаға шығару да ерекше орынға ие, күн сәулесі нәресте терісі арқылы түзілетін «Д» витаминіне жағымды әсер етсе, таза ауа бала организмін аса қажетті микроэлементтермен қамтамасыз етеді. Әсіресе, қазақ ұлтының ауылдық жерлерінде көп кездесетін балалардың рахит ауруы (оны баланың желке шаштарының түсуі мен өсе келе аяғының қисаюынан анық білуге болады), осы жағдайларды өз дәрежесінде ескермеуімізден болады.

Ауылдық жерлердегі үйлердің, әсіресе бұрынғы жатаған үйлердің, күн сәулесі түсетін терезелерінің кішкентайлығын айтпағанда, олардағы ашылатын желдеткіштердің болмағандығы бәріміздің денсаулығымызға кері әсерін тигізбей қоймады. Қазіргі кезде, баланың денсаулығына қатты мән беретін дағдылар, олар дұрыс күн тәртібін қалыптастыру мен тістерін күтуді үйрету мен қадағалау. Кемінде 8 сағат ұйықтамаған, соның ішінде түнгі ұйқымен ұйқысын қандырмаған баланың білім алуға деген қабілеті төмендейді.

Бала түнгі ұйқыға сағат 21-ден көп аспай, ең әрі кеткенде сағат 22-ге дейін жатуы керек, өйткені, ғалымдардың зерттеулері бойынша ең терең ұйқы болып, түнгі 00-ге дейінгі ұйқы уақыты саналады екен.

Күннің көзі шыққаннан кейінгі ұйқылар қанша ұзаратын да, түнгі ұйқыға жетпейді. Өмір сүру салтында ең бірінші және маңызды болып саналатын дағды, ол - ұйықтауды, соның ішінде түнгі сағат 22-ге дейін ұйықтауды жүйелендіріп қалы-

пқа келтірген дұрыс. Тістің күтілуіне мән беру дегеніміз, ас қорыту жүйесінің дұрыс жұмыс жасауына тікелей әсер ету. 32 тіс сау болып, ас дұрыс шайналып, өз дәрежесінде ұнтақталатын болса, ішек-қарындардағы ас қорыту жүйесінің жұмысы жеңілдейді, екібастан кариесі бар тістен тарайтын инфекцияларды айтпағанда. Ал, ас қорыту жүйесі жұмысының дұрыс болуы, организмге керек аса қажетті заттар мен витаминдерді, әрине жейтін тағамымыздың құнарлығына байланысты, қанымызға өз дәрежесінде жеткізіп беру кепілі болып саналады.

Өсе келе баланың дене шынықтыру мен спортпен айналысуына көңіл бөлу керек, дене шынықтыру тірек-қозғалыс аппараты, жүрек-қантамыр жүйесі және тағы басқа органдардың жетілуіне жақсы әсер етсе, спорт бос уақытын тиімді өткізуге, сонымен қатар өзін-өзі қорғауына, денсаулығының одан әрі нығаюына әсер етеді.

Есейген шақта, ең бастысы денсаулығымызға кері әсер ететін жаман әдеттерден (темекі тарту, алкогольдік ішімдіктер ішу және т.б.) аулақ болған жөн. Өйткені, осы жаман әдеттер, соның ішінде темекі мен алкогольді заттарға шектен тыс әуес болу, денсаулығымызды дұрыстауға тырысқан игі шараларымызды мейлінше кері шегеретін өмір сүру дағдысы болып саналады. Ұдайы шылмы шегу дағдысының зардабы, басқа органдарға келтіретін зияндылықтарын айтпағанда, тыныс алу органдарының, соның ішінде қолқаның жұмысын қайтіп орнына келместей бұзып, ақыры өкпе рагіне шалдықтыруы әбден мүмкін. Ал, адамның алкогольді жүйелі тұтыну арқылы өзін алкогольдік ауруына шалдықтыруын, өз өмірін өз еркімен қорлыққа бұрды деп санаса да болады. Біздерге, аса қажетті дағдының бірі - дұрыс тамақтану. Өйткені, дұрыс тамақтану ересектерге өнімді еңбек ету, балаларға дұрыс жетіліп жақсы білім алу үшін, сонымен қатар оларға түрлі ауруларға, суықтарға, табиғаттың басқа да тосын жағдайларына төтеп беруі үшін керек.

Бұндай тамақтануды медицинада рациональдық тамақтану деп атайды. Рациональдық тамақтану энергетикалық тепе-теңділікті, баланстық қоректікті және тамақтану режимдерін сақтаулардан тұрады.

Осы аталған тамақтану талаптарын сақтамасақ, организмнің қалыпты жұмыс жасауы бұзылып, түрлі аурулардың пайда болуына жол ашылады. Мысалы, энергетикалық тепе-теңдікте тамақтану дегеніміз, тамақты жас және жыныс ерекшелігіне, сонымен қатар атқаратын жұмыстың немесе қозғалыстың ауыртпалығына байланысты қабылдау. Ересек адамдар, соның ішінде 40 жастан жоғары ересектер, өзінің қозғалысына сай тамақтанбаса, артық сал-

мақ қосып, семіздік ауруына ұшырайтыны сөзсіз. Өйткені, үлкейген сайын организмдегі жыныстық гормондар, сонымен қатар қозғалыстар да азая түседі, соның салдарынан артық қабылданған қорек жанып энергияға айнамай, майларға айналып әрбір органдарға жинала береді. Жиналған май, қандай органның болмасын функциональдық қызметтерін бұзатыны айдан анық. Өкінішке орай, қазіргі уақытта, ересектермен қатар жыныстық гормондары қалпында болатын жастар арасында да толысу факторлары көбейіп келеді. Артық салмақ жинау, ең бастысы жүрек-қантамырлар ауруларының, соның ішінде жүрек инфарктісінің ерте пайда болуына басты себепкерлердің бірі болады. Ал, баланстық қоректік тамақтану - дастархан мәзірінде әрі құнарлы, әрі витаминдерге бай тағамдарды жүйелі түрде пайдалану деген ұғымды білдіреді. Ал, «Витамин» деген сөз латын тілінен аударғанда «өмірлік аминдер» деген мағына береді. Витаминдер адам организмнің қалыпты жұмыс жасауына жауапты болып табылатын түрлі гормондардың түзілуіне тікелей әсер етеді. Мысалы, Кеңестер Одағы кезінде осы жағдайды ұстану мақсатында асханаларда әрбір бейсенбі «балық күні» деп саналды. Балық тағамының құрамында басқа қажетті заттармен қатар, ретинол немесе А витамині көп мөлшерде болады. Витамин А көру органдарымыздың жұмысын, әсіресе кешкі қараңғылық кезінде көруімізді жақсартады. Адам организмінде аса қажетті витаминдер, әсіресе дүкендерде тұрып қалған көкөністерде емес, бақшадан жаңа жұлғынған көкөністерде жақсы сақталады. Дамыған мемлекеттерде көкөністің бағасы жұлғынған уақытына, тіпті жұлғынған сағатына байланысты бағаланып сатылады. Сондықтан, Ойыл орталығындағы бұрынғы бақшамызды қалпына келтіруіміз, ал, ауылдық округтерде мал бағумен қатар, бақша егуді де қолға алуымыз қажет. Тұрасын айтатын болсақ, Шестаков Николай мен Мамедов Мәлік ағаларымыздан үлгі алып, олардың қатарын толықтыруымыз керек. Сонда ғана, Ойыл тұрғындары, соның ішінде елімізді көркейтетін балаларымыз витаминдері дұрыс сақталған көкөніспен толық қамтылып, болашақта қоғамға пайдасы мол азамат болып өсірі сөзсіз.

Тағы бір маңызды өмір сүру салтының бірі - қозғалыс, яғни жаяу жүру, атқа міну және басқа да қозғалыстар. Қазіргі уақытта, қозғалысты көбейтудің ең дұрыс жолы, ол - дене шықтыру мен спорт. Бұл салада үлгі тұтатын тұлға - Ғалиакбаров Белал деген азаматымыз.

Ол жоғарыда айтылған жаяу жүру мен спорт залға жүйелі түрде баруды, өзінің өмір сүру дағдысына айналдырған азамат.

Жоғарыдағыларды айта келе, біздер, Ойыл ауданының тұрғындары, денсаулығымыз дұрыс болсын десек, ең бастысы өмір сүру салтымызды дұрыстауымыз қажет. Өмір сүру салтына енгізетін, медициналық тұрғыдан дәлелденген адам организмінде пайдалы мағұлыматтар өте көп, бірақ олардың бәрін бір мақалаға сыйдыру мүмкін емес.

Бұл мақала Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің «Аурулардың профилактикасы және саламатты өмір салтын қалыптастыру» деген талабын жүзеге асыру мақсатында жазылып отыр.

М. ДОСОВ,
Ойыл аудандық ауруханасының дәрігері.



Данышпан Абайдың, «Ақырын жүріп анық бас, Еңбегің көтпес далаға Ұстаздық өткен жалықпас, Үйретуден балаға», - деп айтуында бір үлкен төрең ой жатыр. Бірақ, бүгін біз балаға «ақырын жүріп, анық басуды» үйретуді апайларға итеріп салдық.

Соңғы қырық жылдан бері мектеп негізінен тек «апайлардың» ордасы. «Ағайлар» тек НВП мен Д/шыдан береді. Жаңа жылда Аяз ата болатын да, Наурызда Қызыр баба болатын да сол екеуі. Ал, бастауыш класс «апайлардың» басыбайлы меншігі болып кеткелі қай заман?

Ұстаз деген ұлы мамандықтың арқалар жүгі тым ауыр. Алайда осы мамандықты игеріп, саналы ғұмырын өзгенің перзентіне білім берумен өткізетін асыл жанның бері нәзікжандылар екені жасырын емес. Қай білім ордасына бас сұқсақ та, ұстаз қауымының басым бөлігі әйел адам екенін байқаймыз. Ал бала тәрбиесінде ер адамның да орны ерек. Жоғары сыныпқа сабақ беретін ұстаздардың арасында ер азаматтардың бары рас. Ал, бастауыш сыныптағы мұғалімдер ортасынан оларды кездестіруге қиын. Бірақ, жас өскіне қалам ұстатып, партаға қалай отырудан бастап үйрететін Ойылда бастауыштан беретін ағай бар. Көзіміздің үйреніп кеткені сонша, сырттан қарағанда тұлғамдары желбіреп, жүректері лүпілдеп, білім ордасына тарыдай болып енген бүлдіршіндерге ағайдың әріп танытып, қалам ұстатып, көркем жазуға баулығаны қы-

зық сияқты көрінетін шығар... «Білімнің негізі – бастауышта» десек, жан-жақтарына таңырақай қарап, жүрегіне мектептің табалдырығын аттаған баланың алдынан ағайдың шыққаны да біртүрлі сияқты көріне ме? Жоқ. Ешқандай да бір түрлі емес екен. Ерсайын ағай қырық жылдық еңбек жолында Ойыл ауданының Көсембай ауылының балаларына 30 жылдан бері білімнің негізін «қалап» келеді. Әрине, арасында мектеп директорының орынбасары, мектеп директоры болған сәттер де бар...

Қасым Аманжолов ағамыз «Мектеп – кеме, білім - теңіз» деп тектен-текке айтпаған-ау, сіре? Ал, кемеге білікті капитан керек. Білікті капитан ол – бастауыштың мұғалімі. Қазір капитанның көбісі апай болып кетті... Ал, біздің кейіпкеріміз Ерсайын Аққошқаров та қырық жылдық еңбек жолында қаншама шәкірттің көзін ашып, көкірегің оятып, білім нәрімен сусындатып, ілімнің іргетасын қалады?! Отыз жылдан бері бір ауылдың балаларына оны мен солын танытып, бойларына білімнің жарық сәулесін сыйлап, жақсыдан үйренуге, жаманнан жиренуге баулып келеді...

Ерсайын Құрылысұлы осыдан тура алпыс жыл бұрын Ойыл ауданының Ақжар ауылында туы. Бала қиялы алғашқы ұстазы Ұлы Отан соғысының ардагері Қайырбек Алдабергеновке «Болмаса да, ұқсап бақты». Өзі «Егер адамның жүрегінде ізгілік, мейірімділік сәулесі болса, ол - мұғалімнің еңбегі. Ұстазсыз өмірдің нақты тұтқасын ұстау мүмкін емес. Адамды тәрбиелеп оны азамат атандырудың өзі бір үлкен күш, сондықтан да ұстаздың еңбегі - ұлы еңбек», - деп алғашқы ұстазын еске алды бізбен еңгіме барысында.

Иә, әріп танымай, қолға қалам ұстамай келген бүлдіршінді үлкен өлемге жетелеу бізбен еңгіме барысында. Иә, әріп танымай, қолға қалам ұстамай келген бүлдіршінді үлкен өлемге жетелеу бізбен еңгіме барысында. Иә, әріп танымай, қолға қалам ұстамай келген бүлдіршінді үлкен өлемге жетелеу бізбен еңгіме барысында. Иә, әріп танымай, қолға қалам ұстамай келген бүлдіршінді үлкен өлемге жетелеу бізбен еңгіме барысында.

на, сөйлеу мәнеріне, адаммен қарым-қатынасына еліктейді. Сондықтан да жауапкершілігі мол, адал да мейірімді, әділ де парасатты, рухани дүниесі бай педагогтар ғана балаға білім мен тәрбие беріп, оның жан дүниесіне әсер ете алады. Ол нағыз ұстаздың ғана қолынан келеді. Жүрек қалауын тауып, қызметін «мамандықтың төресі» деп бағалайтын Ерсайын ағай осы бір ғажайып қызметін басқа мамандыққа алмастырмай, алпысқа келді. Жүрісі тік, сырт көзге сөзге сараң сырбаз жігіт тек мұғалімдікпен шектелмейді. Рухани дүниесі бай дегенде, домбыраның шанағынан күй төгілген шебер күйші. Күй тартуды ауылда өзінің табиғи қабілетімен үйренгенімен студент кезінде атақты Нұрпейіс ақынның ұлы даңқты күйші Момын Байғаниннен дәріс алып, орекстрдің құрамында ойнады.

Ауылда тұрып та бәріне қол жеткізуге болатыны ісімен дәлелдеді. Аудандық деңгейді айтпағанның өзінде бір басына жететін атақ-даңқы бар. ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасы, Облыс әкімінің «Ең үздік бастауыш класс мұғалімі», Республикалық «Үздік сынып жетекшісі» олимпиадасында жоғары нәтиже көрсетіп, республика бойынша «Ең үздік 100 ұстаздың» қатарына енді. «Ақтөбе облысының құрметті ұстазы».

Облыстық, республикалық конференцияларды былай қойғанда, 2019 жылы сәуір айында Прага қаласында өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда «Бастауыш буынға STEM технологиясын енгізуді қажеттіліктері мен мүмкіндіктері» туралы баяндама жасады. Іс-тәжірибесін үнемі ізбасар әріптестерімен бөлісіп отыратын ол облыстық, республикалық арнаулы басылымдарға жариялап отырады. Шәкірттерінің де жетістігі аз емес. Республикалық интеллектуалдық ойын-конкурстар мен зияткерлік олимпиадаларда топ жарған шәкірттерінің алды бүгінде үлкен белестерді бағындырды.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

EGOV MOBILE ҚОСЫМШАСЫНДА ҚҰМАР ОЙЫНДАР МЕН БӘС ТІГУЕ ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ ШЕКТЕУГЕ БОЛАДЫ

Құмар ойындарға қатысудан және бәс тігуден өз бетінше шектеу бойынша қызмет цифрлық форматқа ауыстырылып, енді «eGov mobile» қосымшасында қолжетімді болды.

Енді Қазақстан азаматтары, сондай-ақ ҚР аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер «eGov mobile» мобильдік қосымшасы арқылы 6 айдан 12 айға дейінгі мерзімге өздерінің құмар ойындарға және бәс тігуге қатысуын ерікті түрде шектеуге өтініш бере алады. Жаңа қызмет өтінімдерді өңдеуге кететін уақытты айтарлықтай азайтады және құмар ойындардан бас тарту процесін жеңілдетеді.

Бұл кез-келген азаматқа, әсіресе шамадан тыс ойнауға бейім адамдарға, ҚР юрисдикциясы аясында лицензия алған барлық ресми ойын алаңдары мен онлайн-букмекерлік платформаларды қолдануды шектеуге мүмкіндік береді.

Өтінім беру үшін «eGov mobile» мобильдік қосымшасында «Қызметтер» қойындысына, содан кейін «Спорт» бөліміне өтініз. Қызметтер тізімінен «Құмар ойындарға және (немесе) бәс тігуге қатысуды шектеу жөніндегі сервисті» таңдау қажет.

Ашылған бетте шектеу мерзімін айлармен көрсетіп, «Қызметке тапсырыс беру»

түймесін басыңыз. Әрі қарай, сіз жылдам қол жеткізу кодын немесе биометрияны пайдаланып қызметке қол қоюыңыз керек.

Қызметке қол қойылғаннан кейін, өтінім мәртебесімен таныса аласыз.

Өтінімді құмар ойындарға және бәс тігуге қатысуын шектегісі келетін адам ЭЦҚ пайдалана отырып беруі тиіс. Үшінші тұлғалардың өтінім беруіне қол берілмейді.

«eGov mobile» қосымшасы арқылы құмар ойындарға қатысуды және бәс тігуді өз бетінше шектеу бойынша қызмет көрсету соңғы уақытта қоғамның өте өзекті мәселесіне айналған лудоманиямен күрестегі құралдардың бірі болып табылады.

Жаңа қызмет пайдаланушыларға құмар ойындарға қатысуын бақылауға және оларға қол жеткізуге шектеулер қоюға мүмкіндік береді, бұл қаржылық проблемалар мен лудоманиямен байланысты жеке мәселелерді айтарлықтай төмендетеді, - «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма Төрағасы Ростислав Коняшкин атап өтті. Егер қызметті алуға өтінім бұрын берілген болса, қызметті қайта алуға болады. Яғни қайта өтінім берген кезде бұрынғы өтінім туралы ақпараттық хабарлама көрсетіледі,

«Иә» сөзін басқан кезде қызметті қайтадан алуға болады, осылайша оның мерзімін ұзартуға болады.

Өтінім бергеннен кейін сервис өтінімді тіркейді және қолданушы құмар ойындарға және бәс тігуге қатысудан шектелген адамдар тізіміне өтінімді қайтарып алу құқығынсыз енгізіледі.

Ойын бизнесі субъектілерінің әрбір сұрау салуы тізімде тұрған адамдардың өзге де жеке деректерін жарияламай ЖСН деректемелері бойынша жеке өңделетін болады.

Ойын бизнесі субъектілерінде тізіміне қолжетімділік болмайды. Пайдаланушыларға ыңғайлы болу үшін сілтеме арқылы бейне нұсқаулық қолжетімді: https://youtube.com/shorts/_Nq7Zb_M-4Y?feature=share Бұған дейін Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда азаматтардың жекелеген санаттары үшін құмар ойындарға қатысты шектеулерді күшейтуді тапсырған болатын. Қызмет Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитетімен және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-мен бірлескен жұмысының арқасында пайдаланушылар үшін қолжетімді болды.

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ
Қоғаммен байланыс басқармасы